



**“Тіл білімі мектебі” жобасы
аясында жүргізілген
іс-шаралар**

ТЕАТРДЫҢ ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІ: “АХМЕТ ЖАСТАРЫ” ТЕАТРЫНЫҢ ТАМАША ТАРТУУЫ

Театрдың ғажайып әлемі” республикалық фестиваль-байқауының облыстық кезеңі - өнер мен талғам тоғысқан, жас дарындардың шеберлігі шындалған ерекше алаң болды. Байқау қорытындысы бойынша “Әдеби-музыкалық композиция” номинациясы бойынша мектебіміздің “Ахмет жастары» I орын театры иеленіп, білім ордамыздың абыройын асқақтатты. Бұл ең алдымен, “Тіл білімі мектебі” жобасы аясында жүйелі жүзеге асырылып жатқан “Грамматикалық өнер” ғылыми-зерттеу зертханасының жемісті жұмысының нәтижесі. Театр өнері арқылы тілдің көркемдігін танытып, сөз күдіретін сахнамен ұштастыра білген шәкірттеріміз өздерінің жоғары деңгейдегі шығармашылық әлеуетін айқын дәлелдеді.



ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

“Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.” Ахмет Байтұрсынұлы

Тіл – халықтың жаны, елдіктің айнасы, татулықтың бастауы.

Әрбір сөз – ата-бабамыздың аманаты, ұрпаққа жеткен асыл қазына.

Ана тілін құрметтеу – өз тарихыңды қастерлеу, өз болашағыңа жол ашу.

Тіл арқылы біз бір-бірімізді түсінеміз, татулыққа қадам басамыз, достықты дәріптейміз.

Қазақ тілі – Мәңгілік Елдің алтын қазығы, ұлттың рухын асқақтататын мәңгілік мұрасы.

”Тіл - татулық тірегі” тақырыбындағы тәрбие сағаты 6 «А» сыныбында өткізілді. Балалар тілдің қадірін ұғынып, өз ойларын ортаға салып, шығармашылық жұмыстар орындады.

Қадірлі достар!

Тілімізді ардақтайық, бірлігімізді сақтайық, татулықты ту етейік!

<https://www.facebook.com/share/v/1G2Rhuvy5Q/>

АХМЕТ МҰРАСЫ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ұлт ұстазы мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тағылымды еңбектерін жан-жақты талқылауға арналған семинар-практикум өтті.

Шара барысында Ахмет еңбектерінің заманауи білім берудегі рөлі, тілді оқыту әдістемесінде қолданылуы, ғылым мен мәдениетке қосқан өлшеусіз үлесі кеңінен сөз болды.

Қыпшақбай Нұрайым Кенжебекқызы - докторант, Шетел тілдері және аударма білім беру бағдарламасының аға оқытушысы

"Кіріме сөздерді оқытуда "Ахмет. Ұлт ұстазы" фильмін қолдану" тақырыбында тың ойларымен бөлісіп, көрнекі құрал ретінде деректі фильмдердің маңызын ерекше атап өтті.

Мадалхан Данабек Аманұлы - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистрі

"Ахмет Байтұрсынұлының тілдік мұрасы және қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесі" тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, Ұлт ұстазының қазақ тіл біліміндегі реформаторлық қызметіне жан-жақты тоқталды.

Семинарға қатысушылар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі, ұлттық сананы қалыптастырудағы айрықша орнын атап өтті.

Шара соңында ой-пікір алмасып, тәжірибелерін бөліскен ұстаздар мен жас ғалымдар Ахметтің тағылымы - өткеннің ғана емес, келешектің де шамшырағы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ұлт ұстазы Ахмет мұрасы - өшпес қазына, келер ұрпаққа жол сілтер асыл шамшырақ болып қала бермек.

<https://www.facebook.com/share/r/1KDvfzr6Np/>

"ОЯН, ҚАЗАҚ!" - ҰЛТ РУХЫН СЕРПІЛТКЕН ОҚУ САҒАТЫ

Мектебімізде алаш қозғалысының көрнекті өкілі, ұлт әдебиетінің шоқ жұлдызы Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған тағылымды мәнерлеп оқу сағаты өтті. Бұл шара - ұлттың рухани жадын жаңғыртып, жас ұрпақтың жүрегіне от жағатын ерекше сабақ болды.

Мақсаты:

Оқушыларды Дулатовтың терең мағыналы, өр рухты шығармаларымен таныстыру;

Ұлтты оятқан ойлардың бүгінгі күнмен үндестігін сезіндіру;

Көркем мәтінді мәнерлеп оқу арқылы тіл байлығын, сөз қадірін, ұлттық рухты күшейту.

8-сынып оқушылары ақынның әрбір өлеңін жүрек тербейтін әсермен жеткізіп, поэзияның елдік мүддемен біте қайнасқан қуатын көрсете білді.

"Оян, қазақ!" деп ұран салған әр шумақ - бүгінгі жасқа бағытталған үндеу, ертеңге деген сенім болды. Оқушылар дауыс мәнерімен, сезім тереңдігімен, өлең ырғағымен Міржақып рухын бүгінгі күнге тірілткендей әсер қалдырды.

Іс-шараны мектеп кітапханашылары мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қараева Гүлназ ұйымдастырды. Оқу сағаты оқушыларды тек әдебиетке қызықтырып қана қойған жоқ, ұлт тарихына, рухани мұраға, Алаш қайраткерлерінің асыл аманатына құрмет сезімін де арттырды.

Осындай мазмұнды шаралар - жас буынға рух беретін, сөз өнерінің қадірін ұқтыратын, ұлттық сана мен рухани дүниені байытатын құнды мақсатты жұмыстар. "Оян, қазақ!" деген ұлы үн - әрбір жас ұрпақтың жүрегінде жаңғырып, елдік пен еркіндікке бастай берсін!

<https://www.facebook.com/share/v/19vqRoXZ8h/>

ТІЛГЕ БОЙЛАУ - ӨЗІҢДІ ТАҢУ

Ана тілі - халықтың жүрегі, ұлттың жаны, баланың жүрегінен шыққан ең алғашқы, ең таза үн. Ол - бесіктен басталып, санамен бірге қалыптасатын рухани тірек.

"Тілге бойлау (Тіл білімі мектебі)" жобасы аясында 3 "А" сынып оқушылары ана тілінің құдіретін шынайы сезініп, оны жүректен шыққан сөзбен жеткізе білді. Балалар өз ана тілінде жақын да жылы лебіздерін айтып, нақыл сөздер арқылы тілдің терең мәні мен тәрбиелік қуатын ұғынды.

Бұл - жай ғана сөз айту емес,
бұл - тілге деген сүйіспеншіліктің көрінісі,
бұл - ұлттық рухтың жаңғыруы,
бұл - баланың өзін және тамырын тануы.

Тіл - ұлттың жаны, халықтың мәңгілік мұрасы.

Тіл - бала бойындағы рухани байлықтың бастауы, ой мен сананың қалыптасу негізі.

Тілге бойлау - өзіңді тану, өз халқыңды тану, ұлттық болмысты сезіну.

Ана тілін ардақтау - өткенге тағзым ғана емес, болашаққа аманат. Тіліне құрметпен қараған бала өзіне сенімді, ұлтына адал, рухы биік тұлға болып қалыптасады.

"Тілге бойлау" арқылы біз балаларды сөзге емес, сөздің мәніне жетелейміз.

<https://www.facebook.com/share/v/1HQ3ataU3b/>